


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



ӘОЖ 069(53)

МУЗЕЙ-ҚОРЫҚТАРДА ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**Н.А. Таңатаров**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада экскурсиялық әдістеменің ерекшеліктерін аша отырып, оның практикалық аспектілері жайлы тоқтала келіп, экскурсия жүргізуші мамандардың пікірлеріне талдау жасалады. Мақалада экскурсиялық мәтін мен әңгімелеудің негізгі теориялық және практикалық ерекшеліктері топтастырылған. Автордың жеке тәжірибелері де жинақталған.

Экскурсия жүргізу барысында оны жүргізуші әрбір келушінің әлеуметтік – мәдени түсінігін кеңейте отырып, жаңа заманға сай мәдени құбылыстарға қажеттіліктер тудырады, адам бойында алуан түрлі мәдени дәстүрлерге деген қызығушылықтардың пайда болуына ықпал етуі, бұл өз кезегінде, яғни, мәдениеттердің алуан түрлілігі, олардың күнделікті өмірде тұрмысымызға енуі, ұлттық музей ісінің дамуына ықпал ете білу қажеттігін қарастырады.

Мақаланың мақсаты – музейде экскурсия жүргізудің мәдени-ақпараттық ерекшеліктерін атап көрсету, музей-қорық нысандарын ғылыми-танымдық ұлттық құндылық ретінде келушілерге көрсете білу және оның әдістері мен технологиясын ғылыми-теориялық тұрғыдан мәнін ашу. Сонымен қатар мақалада, заманауи қоғам талабына сай экскурсия жүргізудің бірнеше түрлері бөліп көрсетілген және тарихи музейлерде ұйымдастырылатын экскурсиялар тарихи музейлер мен мәдени-тарихи музей-қорықтарындағы экскурсия жүргізу ісіндегі айырмашылықтарға баса назар аударылып, автордың тарапынан ғылыми тұжырымдар жасалған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Музей-қорықтарда экскурсия жүргізудің жалпы қызметін анықтауға байланысты тұжырымдардың әртүрлі болуы, олардың коммуникациялық негіздерін талдай түсуді қажет етеді. Музей-қорықтарда экскурсия жүргізудің қызметін анықтау музейлерде экскурсоводтардың қызметтік функциясын дәл қорытындылауға мүмкіндік береді.

Мақалада зерттеу нысанын дереккөздердің мазмұндық ерекшеліктеріне сай талдау мен бағалаудың өзіндік тәсілдері тандап алынды. Музей-қорықтарда экскурсия жүргізудің қызметі мен әдіс-тәсілдеріне қатысты деректік мәліметтерін ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, болжамдау, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Тірек сөздер: Музей-қорық, экскурсия, методология, әдіс-тәсіл, бағыт, топ, теория.

Сілтеме жасау үшін: Таңатаров Н.А. Музей-қорықтарда экскурсия жүргізудің ерекшеліктері // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 72-79 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.08

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ЭКСКУРСИЙ В МУЗЕЯХ-ЗАПОВЕДНИКАХ**Н.А. Танатаров**Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Сұлтан»
(Казахстан)

Аннотация. В статье рассмотрен анализ отзывов специалистов-экскурсоводов, раскрывающих особенности экскурсионной методики, касающихся ее практических аспектов. В статье обобщены основные теоретические и практические особенности экскурсионного текста и повествования. Также изложен личный опыт автора.

В ходе проведения экскурсии экскурсовод, расширяя социокультурное понимание каждого посетителя, создает потребности в культурных явлениях, характерных для нового

времени, способствует возникновению у человека интереса к разнообразным культурным традициям, что, в свою очередь, предполагает необходимость разнообразия культур, их включения в наш быт в повседневной жизни, умения способствовать развитию национального музейного дела.

Цель статьи - выделить культурно-информационные особенности экскурсии по музею, суметь представить посетителям предметы музея-заповедника как научно-познавательную национальную ценность, раскрыть значимость ее методы и технологии с научно-теоретической точки зрения. Кроме того, в статье выделено несколько видов экскурсий согласно требованиям современного общества, при этом в экскурсиях, организованных в исторических музеях, подчеркнуты различия в проведении экскурсий в исторических музеях и культурно-исторических музеях-заповедниках, а также автором сделаны научные выводы.

Материалы и методы исследования. Различные выводы, связанные с определением общей деятельности экскурсий в музеях-заповедниках, требуют анализа их коммуникационных основ. Определение экскурсионной деятельности в музеях-заповедниках позволяет точно обобщить функцию экскурсоводов в музеях.

В статье выбраны оригинальные методы анализа и оценки объекта исследования по содержательным особенностям источников. Приоритет отдавался методам сравнения, прогнозирования и анализа, направленным на раскрытие содержания научно сформулированных фактов, связанных с деятельностью и методами экскурсий в музеях-заповедниках.

Ключевые слова: музей-заповедник, экскурсия, методика, метод, направление, группа, теория.

Для цитирования: Танатаров Н.А. Особенности проведения экскурсий в музеях-заповедниках // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 72-79. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.08

PECULIARITIES OF EXCURSIONS IN MUSEUM-RESERVES

N.A. Tanatarov

"Azret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve. (Kazakhstan)

Abstract. The article reveals the features of the excursion methodology, focuses on its practical aspects and analyzes the opinions of excursion specialists. The main theoretical and practical features of the excursion text and storytelling are grouped in the article. The author's personal experiences are also summarized.

During the tour, the guide expands the socio – cultural understanding of each visitor, creates the need for cultural phenomena characteristic of the new time, contributes to the emergence of interests in various cultural traditions, which, in turn, is the diversity of cultures, their inclusion in our everyday life, the need to contribute to the development of the National Museum business.

The purpose of the article is to highlight the cultural and informational features of a museum excursion, to be able to present the museum-reserve items to visitors as a scientific and educational national value, to reveal the significance of its methods and technologies from a scientific and theoretical point of view. In addition, the article highlights several types of excursions according to the requirements of modern society, while in excursions organized in historical museums, the differences in conducting excursions in historical museums and cultural and historical museum-reserves are emphasized, and the author also made scientific conclusions.

Materials and methods of the research. Various conclusions related to the definition of the general activity of excursions in museum-reserves require an analysis of their communication bases. The definition of excursion activities in museum-reserves allows us to accurately generalize the function of tour guides in museums.

The article selects original methods of analysis and evaluation of the object of study according to the content features of the sources. Priority was given to the methods of comparison, forecasting and analysis aimed at revealing the content of scientifically formulated facts related to the activities and methods of excursions in museum-reserves.

Keywords: museum-reserve, excursion, methodology, method, direction, group, theory.

For citation: Tanatarov N.A. Peculiarities of excursions in museum-reserves // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 72-79. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.08

Кіріспе. Жаһандану сияқты күрделі және көп құрамды ақпараттық жүйеге негізделген революциялық процессте экскурсия жүргізушінің адамның әлеуметтік қызметі мен өмірінің барлық салаларын – саясат, экономика, Мәдениет, тіл, білім беру, рухани-адамгершілік дамуын, этносаралық және конфессия аралық қатынастарын қамти отырып келушілерге қызмет көрсетуі музей-қорықтар өміріндегі маңызды процесс болып табылады.

Экскурсия жүргізуші (экскурсовод) – жан-жақтылықты, әр түрлі ғылымдар бойынша білімді талап ететін, тек туған жері мен елінің ғана емес, басқа да мемлекеттер мен халықтардың тарихын, мәдениетін білуді талап ететін шығармашылық кәсіп.

Экскурсия жүргізуші жас ұрпақтың отансүйгіштікке, өз халқының тарихы мен мәдениетінен хабардар болып қалыптасуына және алыс-жақын шетелдерден келген қонақтарға қазақ халқының көне дәуірден бастау алатын тарихын, ата-бабамыздың құнды мұралары мен жәдігерлерін насихаттауда үлесі орасан зор.

Экскурсиялар білім беру, ғылыми және іскерлік сипаттағы танымдық сапарлардан бастау алады. Экскурсия іс-шаралар мен экскурсиялық ұйымдардың дамуы арқылы туристік қозғалыстың кеңеюіне ықпал етті. Экскурсиялық қызметтің даму тарихының екі жүз жылдан астам тарихы бар.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтары мен ағартушыларының еңбектерінде білім алушыларды табиғат аясына серуен жасау арқылы білім алуға шақыруы экскурсия ісінің теориясы мен методикасы XVIII ғасырдың соңғы ширегінде қалыптаса бастағанын көрсетеді. Бұл чеш педагогы Я.А. Каменскийдің заттар мен көрнекіліктердің білім беру ісіндегі маңыздылығын дәлелдеген еңбектерінің жемісі еді. Осы процестің арқасында 1786 жылы Ресейде қабылданған «Халық училищелерінің жарғысы» және «Мектеп жарғысы» атты бағдарламаларда табиғат аясына экскурсия жасау туралы ұсыныстар көрініс тапты [Соколовский, 1973: 116].

Экскурсиялық қызметтің педагогикамен байланыстылығы атақты педагог К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде де кездеседі. Көрнекті ұстаз К.Д. Ушинский экскурсиялық жұмыстың педагогикалық орындылығын теориялық тұрғыдан негіздеді. К.Д. Ушинский, экскурсия-балаға мұғалімнің көмегімен айналасындағы заттар мен құбылыстар әлемін көруге және қабылдауға мүмкіндік береді – деген тұжырым айтты [Мышева, 2015: 172-176]. Бұл процестің барлығы дерлік экскурсия жүргізушінің қызметі аясында жүзеге асады. Экскурсия жүргізуші (экскурсовод) - туристерге беймәлім аймақтар мен белгісіз заттар туралы түсінік беруші маман. Оның қызметі өлкенің тарихы, мәдениеті мен географиясы, объектілері мен көрікті жерлері, экскурсияларды ұйымдастыру принциптері мен өткізу әдістері туралы білімдерін қолданумен байланысты.

Сонымен қатар музей педагогикасының тиімділігі жөнінде бүгінгі күнгі музейтанушылар да түрлі пікірлерін ұсынууда. «Экскурсия - оқушыларды адам өмірінде кездесетін табиғат құбылыстарымен, ескерткіштермен, қондырғылармен және фактілермен оларды бақылау арқылы жақын танысудың ең қолжетімді түрі» [Гревс, 1923: 1-37].

Талқылау. Әрбір экскурсия алдын ала таңдалған нысандарға негізделген көрсетілім, яғни, әр экскурсияның негізінде қатысушыларды экскурсиялық нысандармен мұқият таныстыру. Экскурсиялық нысан өз кезегінде көрнекі құрал міндетін де қоса атқарады. Себебі, алдын-ала белгіленген бағыт бойынша жүргенде көз алдымыздан өтіп

жатқан нысандар туралы баяндау оңайырақ әрі ешнәрсені ұмыт қалдырмауға мүмкіндік береді. Музейдегі экскурсиялар әртүрлі сипатта болғанымен, жіктелуі оңай. Оларды төмендегілнй жіктеп бөлуге болады:

1) бейіні бойынша – мұражай қызметінің негізгі пәндерімен тарих, әдебиет, өнертану, жаратылыстану және т.б. байланысын білдіретін экскурсия;

2) өткізу орнына қарай – экспозициясы, сақтау орны, аумағы бойынша. Көрмені және музей-қорықтың қорғалатын аумақтағы басқа нысандарын көрсетуді біріктіретін кешенді экскурсия;

3) қамту аясы бойынша: экскурсияларды сипаттау үшін жиі қолданылатын терминдер экскурсиялық тур (бүкіл музей-қорық бойынша) және тақырыптық тур (белгілі бір мәселеге арналған) болып табылады;

4) мақсатты бағыт бойынша: мәдени-ағарту (жалпы білім беру) экскурсиялары және әртүрлі оқу орындарының бағдарламаларына тікелей қатысты оқу экскурсиялары. Соңғыларының ішінде қорларды сақтау, көрме құру, экскурсиялар өткізу және т.б. ерекшеліктерін енгізетін Музейлік сипаттағы әдістемелік экскурсияларды бөліп көрсетуге болады;

5) экскурсанттар құрамы бойынша: балаларға немесе ересектерге, жергілікті тұрғындарға немесе туристерге, біртекті және біртекті емес құрамдағы топтарға арналған экскурсиялар (мысалы, балалары бар ата-аналар үшін).

Музейдегі мәдени-ағартушылық қызметтің әрбір нысанының жүзеге асуы да, дайындалуы жағынан да өзіндік ерекшеліктері бар. Экскурсиядағы ең басты әдістемелік нысанды көрсете білуі мен олардың тарихы туралы түсінікті баяндау қажет [Артёмова, Козлова, Бисько, 2007: 27].

Музейдің басты жәдігерлері туралы қоғамда қалыптасқан пікірлерді нақты деректермен толықтыра отырып әңгімелеу арқылы келушілерге белгілі бір дәрежеде танымдық әрі ғылыми мағлұматтармен таныстыру, келушілердің танымдық деңгейін ескере отырып заманауи қоғам талаптарына сай ақпараттандыру жолдарын қарастыру да бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Бүгінгі таңда музей-қорық экскурсия жүргізушілерінің қызметі педагогика, психология, дизайн ғылымдарының әдіс-тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Музей-қорықтар нысандарының орналасуы, оның құрылысына қолданылған материалдары мен ішкі құрылымдары да алуан-түрлі болуы экскурсия барысында бірқатар қиындықтар туғызады. Бұндай түйінді мәселелердің шешімін іздестіруде сәулет-құрылыс саласының методологиялық әдіс-тәсілдеріне жүгінуге тура келеді.

Музей – қорықтарда экскурсия жүргізу нақтылау, дизайндық, психологиялық-педагогикалық, тарихи-индуктивті талдау әдістерін меңгеруді талап ететін жауапты жұмыс.

Отандық музей саласында экскурсияны ұйымдастыру мен жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Жалпы экскурсия сөзі латын тілінен аударғанда – серуендеу деген мағынаны білдіреді [*электронды ресурс: Экскурсия құрылымы*]. Қазіргі жаһандану процесіндегі музей ісінде тек қана серуен ұйымдастыру қоғамның өскелең талабына жауап бере алмасы белгілі. Сондықтан нысанды аралау, объектіні көру мен түйсіну, ақпарат алу барлығы түгелдей экскурсия жүргізушілердің жетекшілігімен жүргізілуі тиіс, яғни маманның топбасшылық қабілеті болуы шарт. Экскурсиялық мәтінді кез-келген адам меңгеруі мүмкін, бірақ кез келген адамның қолынан экскурсия жүргізуші болу келе бермейді. Экскурсия жүргізушісіне тән қасиеттерді меңгеру қабілеті барлық адамға бірдей бұйыра бермейді. Ол үшін терең білім, шешендік және жоғары мәдениеттілік қажет.

Жалпы экскурсия жүргізудің мақсаты - көрікті жерлерді, тарих және мәдениет ескерткіштерін, экскурсанттардың көз алдындағы нысандарды талдап көрсету, сондай-ақ, олармен байланысты әдістемелік тұрғыдан жоспарланған тарихи деректер мен оқиғаларды

түсінікті әрі шебер әңгімелеу. Ұсынылған құнды ақпараттар ғана емес, экскурсия жүргізушінің өзін-өзі ұстау мәдениеті, сөйлеу шеберлігі және экскурсия жүргізуші көрсеткен нысандар мен экспонаттар келушілердің толық есінде сақталғанда ғана экскурсиялық мақсат толық орындалады.

Музейтану ғылымында экскурсия жүргізудің бірнеше әдіс-тәсілдері қалыптасқан. Б.В. Емельянов өзінің «Экскурсоведение» атты еңбегінде экскурсия жүргізудің негізгі екі әдісін: бірінші – тікелей жүргізу әдісі, екінші – тиімді жүргізу әдісі деп атап көрсетеді [Емельянов, 2008: 213].

Бұл жерде тікелей жүргізу әдісі дегеніміз - объектіні көрсету және көрініп тұрған объекті туралы әңгімелеу болса, тиімді жүргізу әдісі деп – түрлі әдіснамалық тәсілдерді қолдана отырып экскурсия жүргізу болып табылады. Тиімді әдіс туралы Т. В. Ишекова «Экскурсионное дело» атты оқу құралында: «әдістеме туристердің объектіге назар аударуын арттырудың әртүрлі құралдарын пайдаланады. Әдістеменің тағы бір мақсаты – экскурсияны өткізудің әдістемелік тәсілдерін барынша тиімді пайдалануды ұсыну. Экскурсиялық түрлі әдістемелер экскурсанттарға эмоционалды әсер ету мәселелерін ескереді» – дейді [Ишекова, 2006: 40]

Заманауи қоғам талабына сай экскурсия жүргізу мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Соның ішінде біздің қарастырып отырған саламыз тарихи музейлерде ұйымдастырылатын экскурсия. Дегенмен, тарихи музейлер мен мәдени-тарихи музей-қорықтары арасында айтарлықтай айырмашылықтар болғандықтан экскурсия жүргізу ісіндегі айырмашылықтарға басар назар аударған жөн.

Мәдени-тарихи музей-қорықтарда экскурсия жүргізушілерінің міндеттерін былайша жіктеп көрсетуге болады:

1. Алдын-ала белгіленген экскурсиялық бағыттар бойынша толық ақпаратты игеру;
2. Экскурсиялық топпен өзін таныстыру;
3. Экскурсиялық бағыттар бойынша топты бастап жүру;
4. Экскурсанттардың алдында тұрған объектілерді көрсету;
5. Суретте немесе тарихи деректерде сақталған, жойылып кеткен объектілердің орнын немесе археологиялық қазба орнын көрсету, ол туралы әңгімелеу;
6. Сол жерде болған тарихи оқиғалармен таныстыру, ақпарат беру (әңгімелеу);
7. Сол жерде өмір сүрген немесе жерленген тарихи тұлғаның іс-әрекетімен таныстыру;
8. Экскурсия барысында мәдени-ағарту, білімділік бағыттарының функцияларын қолдану.

Келушілер тобын толық игеріп, қызықтырып алып кету әрбір экскурсия жүргізушінің кәсіби шеберлігіне байланысты болмақ. Ол үшін маман экскурсия жүргізушісінің бірнеше кәсіби қасиеттерге ие болғаны маңызды. Ол әрі педагог, әрі ойнаушы бола білуі керек. «Экскурсия жүргізуші тыңдаушыларды баурап алуға көмектесетін мұғалімге (шыдамдылық, мейірімділік) және ойнаушыға (материалды көркем жеткізу, дикция) тән бірнеше қасиеттері болуы керек...» [Сичинава, 1981: 96].

Экскурсия жүргізушінің алғашқы минуттардағы іс-әрекеті мен сөйлеу шеберлігі оның алдағы жұмысына өте үлкен әсерін тигізеді. Экскурсиялық мәтінді бастағанда шешендікпен баурап алған маман ары қарай деректер мен қызықты мәліметтерді кезектестіре жеткізе отырып тыңдаушыларын соңына ерте алады. Бұл туралы Б..В. Емельянов былай деп жазады: «Тәжірибе көрсеткендей, алғашқы минуттарда экскурсанттардың назары олардың тақырыпқа деген қызығушылығымен қамтамасыз етілсе, одан кейін оқиғаның тартымдылығы және заттардың танымалдығы, экзотикасы және тәрбиелік мәні сияқты қасиеттері назар аудартады. Нысандардың көрсету реттілігін дұрыс ойластыру да зейін аударудың тұрақтылығына ықпал етеді» [Емельянов, 2008: 216].

Көп жылдық тәжірибемнен белгілі болғандай экскурсанттардың алғашқы қызығушылығын тудырудан гөрі оны жоғалтып алып, қайта қалпына келтіру қиын. Сондықтан, экскурсия жүргізушілері экскурсант тобымен танысқаннан бастап, ол топпен қоштасқанға дейінгі аралықта бір сәт те босаңсуға, енжарлыққа салынуға болмайды. Топты бір таратып алған соң оның қызығушылығын тудырып қайта жинап алу өте қиын, бұл маманның болашақтағы репутациясына сын болмақ. Экскурсия жүргізушісіне ең қолжетімді және сапалы әдістердің бірі – экскурсанттарға тікелей қарым-қатынас кезінде материалды жақсы қабылдауға мүмкіндік беретін диалогты пайдалану, ал жүргізуші үшін топтың назарын бақылау маңызды. Диалогқа негізделген топ тарамайды керісінше, жүргізуші маңайына топтаса түседі. Бұл жерде бір ескеретін жай ол, диалогтан ешқандай топ мүшесі тыс қалмауы керек. Олай болған жағдайда тыс қалған топ мүшесі өздігінен, еріксіз психологиялық оқшауланып қалады. Бұл да экскурсия жүргізушісінің шеберлігінің бір қыры болып табылады.

Музейде экскурсия жүргізудің теориялық әдіс-тәсілдерінің аспектілерін талдай келе оны жүзеге асырудың бірнеше қағидаларын көрсетуге болады:

1. Кез келген музейде күндік экскурсиялардың санының шектелуіне рұқсат етіледі. Тәжірибе олардың саны 4 – 6 – дан аспауы керек екенін көрсетеді. Бұл экскурсия жүргізуші маманның жасына, тәжірибесіне, білім деңгейіне, денсаулығы мен шыдамдылығына байланысты болады;

2. Экскурсиялық мәтінді жаттап алып баяндау топты игеріп, топтың объекті туралы деректерге сенуге, қабылдауға кері әсерін тигізеді. Біріншіден, Бұл сырт көзге бірден байқалады және ондай мәтінді қабылдау қиындық тудырады; екіншіден, жатталған мәтінді тыңдаушы маман бұл тақырып бойынша терең білімі жоқ екен деген ойдың тууына себепші болады; үшіншіден, егер бұл тақырып бойынша білімі жеткіліксіз тәжірибесіз маман болса сасқалақтап өзін жоғалтып алуы мүмкін, ал, тәжірибелі маман болса бұндай тығырықтан оңай шығады. Бұл жағдайдан шығудың жолы мәтінді жаттаудан гөрі, өз сөзімен диалогтық әдісті пайдалана отырып жүргізген дұрыс.

3. Экскурсанттар басқа қаладан немесе шет елдерден келген болса мәтін арасында келушілер мекені туралы салыстырмалы түрде экскурсия жүргізілсе диалогтың өрбуіне септігін тигізеді әрі жүргізуші маманның білім дәрежесінің кеңдігін көрсетеді. Бұл экскурсанттар тобының топтасуына, жүргізуші маманның соңынан еруіне елеулі ықпал етеді.

4. Экскурсия жүргізуші маман экскурсант топ мүшелерінің жеке басына немесе олардың туған жерлеріне менсінбеушілікпен қарап кемсітуден, сондай – ақ, асыра мақтаудан қатаң түрде аулақ болғаны абзал.

5. Экскурсия жүргізуші маман объектілер арасында экскурсиялық тақырыптан тыс мәліметтер мен қызықты деректерді қоса айтып, экскурсанттарды да әңгімеге тартып, адами қарым – қатынас жасап отырса, бұндай әрекеттер экскурсанттар тарапынан әрқашан жоғары бағаланады.

6. Кез келген экскурсия жүргізушісі алғашқыда экскурсанттар алдында топбасшы болып көрінеді. Оның айтқан әрбір сөзі тарихи дерекке негізделген ақиқаттай көрінеді. Сондықтан, экскурсия жүргізуші маманға ешуақытта жаңсақ мәлімет беруге болмайды. Бұған қатаң тиым салу керек. Маман айтқан жаңсақ пікір тарихқа немесе дінге қатысы жоқ басқа мамандық иесінің санасында мәңгі сақталып қалуы мүмкін. Бұндай қателікке жол беруге болмайды.

7. Егер экскурсия жүргізуші маман таныстыратын екі экспонаттың бірі туралы білетін мәліметі аз болса, ал, екінші туралы толыққанды мәлімет беруге мүмкіндігі болатын болса, ондай жағдайда мәліметті аз экспонаттан бастағаны жөн, себебі адамның соңғы алған мәліметі есінде ұзақ сақталып қалады.

8. Тәжірибеде жиі кездесетін оқиғаның бірі топ ішінен экскурсия жүргізушісі білмейтін немесе ұмытқан сұрақ қойылып қалуы мүмкін. Бұл жағдайдан шығу үшін

экскурсия жүргізуші маман не істеуі керек? Бұл жерде сәл қулыққа басып, топтың өзінен сұрау арқылы сытылып шығуға болады, бірақ топ ішінен білетін адам шықпаса маман өзі жауап беруге тура келеді. Сондықтан экскурсия жүргізушісінің барлық сұраққа, барлық жағдайға мүмкіндігінше дайын болғаны тиімді.

Теория практика негізінде туындайды, бірақ ол практикалық тәжірибені жай ғана жалпылап қоймайды, ол ғылымның жаңа байланыстары мен аспектілерін аша отырып, қарқынды алға жылжиды.

Қорытынды. Дегенмен, экскурсиялық теория бір орнында тұрмайды. Туристік-экскурсиялық ұйымдардың, туристік-экскурсиялық бюролардың, мемлекеттік және ведомстволық музейлердің өміріндегі маңызды құбылыстар тұтынушыларға қызмет көрсетудің жаңа нысандары, экскурсиялық мекемелердің меншігіне айналған энтузиастардың тәжірибесі, мыңдаған әдіскерлер, экскурсия жүргізушілер, оқу орындарының, институттар, жеке экскурсиялық теорияның ережелері дамып, жаңа, неғұрлым жетілдірілгендермен алмастырылуына әкеледі.

Музейдегі экскурсиядан алған әсерлері мен білімдерін бекіту, оны түсінудің ең жақсы түрі шығармашылық жұмыс – балалардың ақпаратты меңгеруінің ең табиғи жолы. Қазіргі кезде көптеген музейлерде экскурсияны шеберлік сағатымен аяқтау дәстүрге айналып келеді. Мұнда барлық келуші экспозицияда көрген әрбір жәдігердің жасалу жолымен таныса отырып, оны ұстап, өзі жасап көруге мүмкіндік алады. Бұл методологиялық әдіс ақпараттың келушілердің есінде ұзақ уақытқа сақталып қалуына мүмкіндік туғызады.

Экскурсиялық әдістеменің басты талабы - нысан көрінісін әңгімемен міндетті түрде үйлестіру. Экскурсиялық бағыт пен нысан ерекшеліктерін мұқият зерделеп, экскурсияның мазмұнын, тұтастай алғанда бүкіл маршрутты және оның әрбір жеке объектісінің тарихы мен ерекшеліктерін терең игеріп, түсініп қана қоймай, сонымен қатар объектілерді көрсете білуі мен олар туралы әңгімелеудің әдістемелік әдістерін толық игерген жағдайда ғана экскурсия өз мақсатына жетті деп айтуға болады.

Музейдің тәрбиелік мақсаты мен экскурсиялық қызметі адамдардың белгілі бір заттар мен құбылыстардың құндылық мәнін игеруге деген қажеттілігінен туындайды. Жалпы музей қызметінің мақсаты тарихи-мәдени мұраға келушілердің тарихи көзқарасын қалыптастыруда жатыр. Бұл белгілі бір формада жүзеге асатын – елдің өткені мен бүгінін байланыстырудың символдық актісі, көргені мен естігенін таңдауға және түсіндіруге құқығы бар келуші мен музей арасындағы диалог. Заманауи тәрбие тұжырымдамасында адамның шығармашылық қиял, сезімдік-эмоционалдық шеңбері аясында ішкі жан дүниесіне үңілуге терең мән беріледі. Осы қалыптасқан қарым-қатынас моделі музейдің білім беру қызметінің мәні туралы бұрынғы идеялардың түбегейлі ауысына түрткі болды. Білім беру парадигмасының мұндай күрт өзгеруі «музей педагогикасы» деген жаңа терминнің пайда болуына ықпал етті [Мышева, 2008: 145].

ӘДЕБИЕТ

Соколовский Ю.Е. Из опыта изучения эффективности экскурсии: вопросы экскурсионной работы. М., 1973. С. 116–146.

Мышева Т.П. История отечественного экскурсионного дела в аспекте музейной педагогики. Вестник Таганрогского института им. А.П. Чехова. 2015 г. №2. С.172-176

Гревс И.М. Природа экскурсионности // Педагогическая мысль. 1923. № 3. С. 1–37

Артёмова Е.Н., Козлова В.А. Бисько И.А. Основы информационно-экскурсионной деятельности. Орел, 2007. С. 27[Электронды ресурс]https://kk.wikipedia.org/wiki/Экскурсия_құрылымы

Емельянов Б.В. «Экскурсоведение» учебник. М.: Советский спорт. 2008 г.

Ишекова Т.В. Экскурсионное дело: учеб. пособие. Саратов: Научная книга, 2006. 40

с.

Сичинава В.А. Экскурсионная работа: (Из опыта): пособие для учителей. М.: Просвещение, 1981. 96 с.

REFERENCES

Sokolovski, Iu.E. İz opyta izucheniya effektivnosti ekskursii: voprosy ekskursionnoi raboty / Iu.E. Sokolovski. M., 1973, pp. 116–146. (In Russian)

Mysheva T.P. İstoria otechestvennogo ekskursionnogo dela v aspekte muzeinoi pedagogiki. Vestnik Taganrogskego instituta im. A.P. Chehova. 2015. №2. pp. 172–176 (In Russian)

Grevs, I.M. Priroda ekskursionnosti // Pedagogicheskaya mysl. 1923. № 3, pp. 1–37 (In Russian)

Artemova E.N., Kozlova V.A. Bisko İ.A. Osnovy informacionno-ekskursionnoi deiatelnosti. Orel 2007. P. 27. (In Russian)

[Elektrondy resurs]https://kk.wikipedia.org/wiki/Ekskursiia_qūrylymy (the structure of excursions) [electronic resource]. (Accessed: 09.01.2024). (In Kazakh)

Emelianov B.V. «Ekskursovedenie» uchebnik. M.: Sovetski sport. 2008 g. [Textbook of guided tours. M. Sovetsky sport. 2008] (In Russian)

Işekova T.V. Ekskursionnoe delo: ucheb. Posobie. [Excursion business: studies. stipend]. Saratov: Nauchnaiakniga, 2006. 40 p. (In Russian)

Sichinava V.A. Ekskursionnaya rabota: (Iz opyta): posobie dlia uchitelei. [Academic work: (trace of experience): building for the school]. M.: Prosveşenie, 1981. 96 p. (In Russian)

Emelianov B.V. Ekskursovedenie: uchebnik. [Excursovedenie: uchebnik]. M.: Sovetskii sport, 2008. 216 p. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Танатаров Нұрлан Асылбекұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Экскурсия және насихат бөлімінің басшысы (Әмір Темір көш. №53^Б, Түркістан қ. Қазақстан Республикасы). <https://orcid.org/0009-0001-4690-0472>. E-mail: tanatarov_nurlan@bk.ru

Сведения об авторе: Танатаров Нурлан Асылбекович – «Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан». Заведующий отделом экскурсии и пропаганды (ул. Амира Темира № 53Б, г. Туркестан, Республика Казахстан). <https://orcid.org/0009-0001-4690-0472>. E-mail: tanatarov_nurlan@bk.ru

Information about the authors: Nurlan A. Tanatarov – National Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan». Head of the excursion and propaganda department (st. Amir Temir No. 53B, Turkestan, Republic of Kazakhstan). <https://orcid.org/0009-0001-4690-0472>. E-mail: tanatarov_nurlan@bk.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 16.04.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 25.06.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.08.2024.